

«Алматы облысының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі бос тұрған лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды

21.02.2020 - 18:29 **Вид конкурса:** Конкурс на занятие вакантных должностей Сотрудника органа прокуратуры

Индекс 040000, Алматы облысы, Талдықорған қаласы,, М.Төлебаев көшесі №51 үй, 3-қабат, 305 кабинет, анықтама телефондары:8-(7282)- 24-

17-81, 24-81-16, эл. мекен-жай 7282382@prokuror.kz:

- 1. Алакөл ауданы прокуратурасының прокуроры С-RGP-5** (1 бос орын)
- 2. Кеген ауданы прокуратурасының прокуроры С-RGP-5** (1 бос орын)
- 3. Текелі қаласы прокуратурасының прокуроры С-RGP-5** (1 бос орын)
- 4. Мамандандырылған табиғат қорғау прокуратурасының прокуроры С-RGP-5** (1 бос орын)

Функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, қылмыстық процесстің сотқа дейінгі кезеңінің заңдылығына, әкімшілік және [атқарушылық өндірісінің](#) заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сотта мемлекет мүддесін білдіріп жүзеге асырады.

Еңбек ақы төлеу шарты мен көлемі қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді (айлық жалақысы 76235 тенге).

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – жоғары құқықтану (заңтану); денсаулық жағдайы бойынша құқық қорғау органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы; нақты лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің, дағдысының болуы;

Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурстың соңғы жарияланғаннан кейін

5 жұмыс күндері ішінде төмендегі мекен-жай бойынша жүзеге асырылады: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, М.Төлебаев көшесі, №51 үй, 3-қабат, 305 кабинет.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар мынадай құжаттарды тапсырады:

1. белгілі нысанаға сәйкес өтініш;
2. белгілі нысанаға сәйкес сауалнама;

3. белгілі нысанға сәйкес (тұрғылықты тұратын мекенжайы мен телефонын, оның ішінде байланыс телефонын көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;

4. жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, белгілі нысанаға сәйкес толтырылған қолмен немесе басылып жазылған толық өмірбаяны;

5. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6. білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

7. еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8. әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
9. 3x4 үлгідегі (2 дана) сурет;

10. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11. конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

12. прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау

үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;

13. құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;

14. соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Source URL: <http://m.prokuror.kz/eng/node/122583>